

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Х. ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ



Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі



Атырау облысы әкімдігі



Ақпараттық хат

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті 2023 жылдың 22 қыркүйегінде өтетін ұстаз, ғалым, қоғам қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Асхат Сәлімұлы Иманғалиевтің 70 жасына арналған **«Білімді ұрпақ: ғылым мен білімнің тәжірибесі мен келешегі»** халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуға шақырады.

Конференцияның мақсаты - жаһандық өзгерістер жағдайында жоғары білім сапасын қамтамасыз ету үшін ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелерді талқылау.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

- Қазіргі білім беру үдерісіндегі педагог қызметінің трансформациясы: қиындықтар, шындықтар, перспективалар;
- Білім берудің барлық деңгейлері үшін педагогтерді кәсіби даярлаудағы дәстүрлер мен инновациялар;
- Мамандарды инклюзивті білім беру ортасында жұмысқа дайындаудың психологиялық-педагогикалық аспектілері.

Жұмыс тілдері - қазақ, орыс, ағылшын.

Бағдарламаға ену үшін ұйымдастыру комитетіне **2023 жылғы 17 қыркүйегіне дейін:** қатысушының тіркеу формасы, баяндама электронды түрінде өткізілуі қажет.

Конференция материалдарын ғылыми жинақ түрінде электрондық форматта шығару жоспарлануда.

Қатысу тәртібі:

Жинаққа енгізу үшін мақала келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1. Баяндама (мақала) мәтіні 4 парақтан кем болмауы және тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылуы тиіс.
2. Кестелердің, схемалар мен суреттердің тақырыбы көрсетіліп, Windows-да терілген болуы қажет.
3. Парақтың параметрлері: жоғарғы - 2,5 см, төменгі - 2,5 см, оң - 2,0 см, сол - 2,5 см.
4. Шрифт: Times New Roman, KZ Times New Roman, кегль - 12.
5. Жоларалық: 1 интервалмен.
6. Бірінші беттің сол жағына міндетті түрде FTAMP көрсетілуі тиіс.

7. Жаңа жол: 1,25 см.

8. Келесі жолда – ортасынан баяндама (мақала) тақырыбы бас әріптермен (қою шрифтпен).

9. Баяндаманың (мақаланың) тақырыбы астына – парақ ортасына бас әріптермен (қою шрифтпен) автор (лар)-дың тегі, аты-жөні жазылады.

10. Одан төмен жұмыс орындалған мекеменің толық атауы (қою шрифтпен).

11. Бір интервалдан кейін жаңа жолдан – баяндама (мақала) мәтіні.

12. Бір қатардан кейін – Түйіндемесі, баяндаманың аты үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде, 4-5 сөйлемнен кем болмау керек.

13. Кілт сөздер (4-5 сөзден тұратын) үш тілде.

14. Қолжазбаның соңында ГОСТ 7.1-2003 талаптарына сәйкес әдебиеттер тізімі мәтін ішіндегі сілтеменің реттілігіне орай нөмірленеді. Кесте мен графикалық материалдар мақаланың мәтініне сай орналастырылады. Суреттер **cdr, pdf** форматтарында векторлық графикамен салынады.

Тіркеу формасы

Тегі, аты-жөні (толығымен) _____

Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы _____

Мекеме атауы, лауазымы _____

Мекен-жайы (индекс көрсету міндетті) _____

Телефон (халықаралық байланыс кодымен) _____

E-mail (міндетті) _____

Мақала тақырыбы _____

Секция _____

Керекті техникалық құралдар _____

Қонақ үй орындарын бекіту қажеттігі (ия, жоқ) _____

Электронды пошта арқылы жібергенде "Тақырып" бөлімінде:

А.С.Иманғалиевтің 70 жылдығына _____ -дан (баяндамашы, фамилиясы) көрсетілсін.

Материалдарды мына мекен-жайға жіберіңіздер:

060011, Атырау қаласы, Студенттер даңғылы, Құрылыс 1, № 1 оқу ғимараты, 2-қабат, каб.227. E-mail: k.kaziev@asu.edu.kz, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Психология және педагогика кафедрасы.

Конференция қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Конференция материалдары ғылыми жинақ түрінде тегін шығарылады. Ұйымдастыру комитеті мазмұны мен рәсімделуі талаптарға сәйкес келмейтін мақалаларды жариялаудан бас тартуға құқылы.

Материалдарды қабылдауға жауаптылар:

Қазиев Карас Оржанұлы +7701666 89 36

Базарғалиев Ғабит Бағытжанұлы + 7701626 02 21

Конференцияға қатысу – **тегін**.